

Саарт жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №4

23 мамыр 2022 жыл

Қатысқан мүшелер саны: 8

Қатыспаған мүшелер саны: 1

Қамқоршылық кеңес мүшелері, хатшы, мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шараларын ұйымдастыру.
2. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьге қамтылуын қамтамасыз ету.
3. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (мектеп бітіру емтихандары мектеп бітірушілер кеші)

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.С.Есмаганбетов сөйледі. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу мақсатында жылдық жоспарымыз бойынша көптеген шаралар, апталықтар өтті. 2021-2022 оқу жылында мектебімізде «Жігер» атауымен ұлдар клубы құрылды. Клубтың жетекшісі технология пәнінің Т.Сәрсенхалықов сайланды. Ұлдар клубының жетекшісі Т.Сәрсенхалықов ер балалармен «Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыс өткізіп, клубтың жұмыс жоспарымен таныстырды. Ер балаларға құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде мәліметтер берілді. Ер балалар өз ойларын ортаға салып, көптеген мәселер талқыланды. Жиналыста мектеп психологы С.Ергалиева оқушылармен тренинг өткізді. Сонымен қатар Әйтеке би аудандық білім бөлімі Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылы №2-5457 хаты негізінде 20 қараша-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы» республикалық айлық аясында жоспар құрылып, іс-шаралар өтті. «Құқық сабақтары-өмір сабақтары» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер оқушыларға жалпы құқық жөнінде және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын түсіндірді. Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жайлы түсінік жұмыстар жүргізілді. Видеороликтер, презентациялар көрсетілді. Алдымызда жазғы демалыста ата-аналар балаларын қатаң қадағалап, түнгі уақытта, беймезгіл балаларды көшеге жібермеу керектігі ескертілді.
2. Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Есмаганбетова сөйледі. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьге қамтылуын қамтамасыз ету барысында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Д.Сейлхановтың 2022 жылдың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі тапсырма-жоспарына сәйкес мектеп жанынан «Таң самал Балдаурен» атауымен демалыс лагерін құру жоспарланып отыр. Жазғы демалыс лагері жоспарға сай 4 бағытта жұмыс жасайды. Мектеп жанындағы лагерь (тамақпен) 30 оқушы, мектеп жанындағы алаң (тамақсыз) шешендік өнер, оқуға құштар мектеп, дебат, театр бағыттары бойынша 16, спорт

алаңдарына 20, киелі жерлерге саяхат 12 оқушы қамтылады. Мектеп жанынан тамақпен қамтылған «Таң самал» жазғы демалыс лагеріне бастауыш сынып оқушыларының барлығын қамтимыз.

3. Үшінші мәселе бойынша мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (мектеп бітіру емтихандары мектеп бітірушілер кеші) жоспарлануда. Оқу жылының аяқталуына байланысты «Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өтеді. Мектеп бітіру емтихандары кесте құрылды. «Қош бол, алтын ұя мектебім» тақырыбында түлектердің аттестат алу кеші ұйымдастырылады.

Сөйлеушілер: 1. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Қ.Нұрияхметова: Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдадық. Оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болған уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үнемі күн тәртібінен түспеуі тиіс. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдан-алу үшін бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек.


Кеңес мүшесі: Ж.Жеткергенова Осы айтылған мәселелер жөнінде бірлесіп, бірнеше жұмыстар атқарылды. Түнгі рейдтер жүргізіліп отырады. Рейдтің мақсаты оқушылардың көшедегі қоғамдық орындарда тәртіпсіздікке жол бермеуі, түнгі мезгілде беймезгіл уақытта көшеде жүрмеуінің алдын алу. Балалардың бос уақытында ата-аналар тарапынан үнемі бақылап отырулары қажет. Сонда ғана біз жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз.

Кеңес мүшесі: С.Давыдова сөз алды. Біз үнемі мектеппен байланыс жасап отырамыз. Мектептегі өткізіліп жатқан шараларға оқушылар белсене ат салысады. Ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілері үнемі байланыста.

Кеңес шешімі:


1. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу үшін ата-аналар жазғы демалыста балаларын қадағаласын.
2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында жазғы демалыс (тамақпен) лагеріне бастауыш сынып оқушыларының барлығы, мектеп жанындағы қосымша үйірмелерге 6-8 оқушылары қамтылсын.
3. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары жақсы деңгейде өткізілсін

Қамқоршылық кеңес төрайымы:




Қ.Ш.Нурияхметова

Хатшы:




Г.А.Сейдагулова


Кеңес мүшелері:




К.Тумышева



Ж.Н.Жеткергенова



Р.Н.Жеткергенов



С.Л.Давыдова



Т.Қайырханқызы



Ж.С.Ыкласбаева



А.А.Жубатова